

Алматы қаласы «№4 перзентхана» ШЖҚ МКК-да іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерімен алмасу регламенті

1. Іскерлік сыйлықтар, «корпоративтік» қонақжайлылық және күтіп алу шаралары қызметкерлер арасында тек іскерлік қарым-қатынастарды орнату, қолдау құралы ретінде және шаруашылық барысында жалпы сыпайылықтың көрінісі ретінде қарастырылуы керек.
2. Қызметкерлердің мекеме атынан қызметіне байланысты басқаларға бере алатын немесе қабылдай алатын сыйлықтар, сондай-ақ іскерлік қонақжайлылық шығындары келесі критерийлерге сай болуы керек:
 - мекеме қызметінің жарғылық мақсаттарымен (мекеменің қызметін таныстыру), мерейтой немесе жалпыұлттық мерекелермен тікелей байланысты болуы және т.б.;
 - ақылға қонымды, пропорционалды және қымбат емес болу;
 - қызмет, әрекет пен әрекетсіздік, келісім мен қамқорлық, құқық беру, белгілі бір шешімдер қабылдау (келісімге келу туралы, лицензия алу, рұқсат беру сияқты) немесе кез келген басқа заңсыз немесе этикалық емес мақсатта алушыға ықпал ету үшін жанама сыйақы болмауы тиіс;
 - жасалған сыйлықтар мен қонақжайлылық шығындары туралы ақпарат жария болған жағдайда мекеменің, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың беделіне қауіп төндірмеу;
 - мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарына, қызметкерлердің әдеп және қызметтік мінез-құлық кодексіне және мекеменің басқа да ішкі құжаттарына, қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған мораль мен әдеп нормаларына қайшы келмеуі.
3. Қызметкерлер мекеме мүддесі үшін іскерлік сыйлықтармен алмасу және іскерлік қонақжайлылық көрсету кезінде қолайлы мінез-құлық шегін түсінуі керек.
4. Сыйлықтар, қызмет көрсету, ерекше назар аудару және ойын-сауық іс-шараларға қатысу түріндегі сыйлықтар берілген кезде алушы тарапты тәуелді жағдайға келтірмеуі тиіс. Алушы тарапынан қандай да бір қарсы міндеттемелер туғызбауы немесе объективтілікке әсер етпеуі керек.

5. Егер мұндай әрекеттер мәміленің, қызмет көрсетудің, аукционның нәтижесіне ықпал етсе немесе сондай әсер қалдыруы мүмкін болса, мекеме қызметкерлері ұсыныстардан, сыйлық алудан, олардың шығындарын төлеуден және т.б. бас тартуға міндетті.
6. Егер қызметкер өз әрекеттерінің заңдылығына немесе этикасына күмәнданатын болса, сыйлық беру, алу немесе кез келген шараға қатысу алдында тікелей басшыларына хабарлап олармен кеңесуі керек.
7. Қызметкерлер мен мекеме өкілдері ұйым атынан валюта түріне карамастан қолма-қол немесе қолма-қол емес ақшалай сыйлықтар, сондай-ақ акциялар, опциондар немесе өзге де құнды қағаздар түріндегі сыйлықтарды жіберуге және алуға жол берілмейді.
8. Саудаласу немесе келісімшарт жасасу алдындағы тікелей келіссөз кезінде сыйлық қабылдауға болмайды.
9. Демеушілік, қайырымдылық бағдарламалар мен іс-шаралар кезінде мекеме алдымен көрсетілетін көмектің сыбайлас жемқорлық немесе басқа да заңсыз мақсатта емес екеніне көз жеткізуі керек.
10. Осы ережелерді сақтамау қызметкерге тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және азаматтық-құқықтық шараларды қолдануға негіз болуы мүмкін.